

«6D020400 – Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әмен Асхат Жангелдіұлының «Диаспора: мәдениеттанулық мәселе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс зерттеу тақырыбы аясында ғылымға елеулі үлес қосады. Өйткені автор диаспора мәселесі бойынша мәдениеттанулық талдаудың арқасында маңызды нәтижелерге қол жеткізген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Автор сілтемелерін керекті жерінде орынды келтіреді және сонымен қатар еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта екені байқалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	Диссертацияның өзектілігі қазіргі қоғамдағы объективті үдерістермен байланыстырыла негізделгені байқалды. Әлемдік және отандық деңгейдегі интеграциялық үрдістердің диаспора феноменіне де тікелей

		3) негізделмеген.	әсер ететіндігі ғылыми байыпталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Тақырыптың негізгі арқауы мен баяндалуы теориялық және практикалық маңызы бар мәселе екенін көрсетеді. Мәдениеттану тұрғысынан диаспора мәселесі жан-жақты қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді. Жоспар жақсы құрылған және тақырыпты барынша кең ашып беріп отыр. Негізгі мақсат – диаспора құбылысына қатысты теориялық және қолданбалы-практикалық қырларды ашып көрсету. Соған сәйкес диссертация мәтінінде көрсетіліп қойылған тоғыз міндеттері айшықталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан. Әрине, автор тақырыпқа қатысты алдымен ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді қарастырып алады. Содан соң автор Қазақстандағы диаспора мәдениетіне қатысты толерантты сана мен мультикультурализм ұстанымдарының маңыздылықтарын қарастырады. Жұмыстың соңғы тарауында болашаққа болжамдар жасап, еліміздегі этносаралық қатынастардың маңызды қырларын айқындайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор барынша жаңа ғылыми шешімдер жасауға тырысады және сыни талдаудың элементтерін жұмыстан толық байқауға болады. Әсіресе жұмыста еліміздегі этникалық диаспоралардың хал-ахуалы ғылыми сараптамадан өткізіліп, бұл үдерістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі жақсы баяндалып беріледі. Дегенмен, жас маманға кейде батылырақ өзінің авторлық позициясын айқындай түскені жөн еді. Мәселен, елімізде бірнеше жылдан бері оралмандарға, яғни алыстан елімізге қоныс аудармақшы болған қандастарға, қазақ диаспорасына арналған квота шектеліп келеді. Осының себеп-салдарын жұмыста сыни тұрғыда толығырақ және айқын көрсеткен артық болмас еді. Жалпы барлық шешімдер мен ұсыныстар сыни талдаудан өткізіледі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары негізінен алғанда, яғни толығымен жаңа болып табылады. Бірінші қағидат диаспора құбылысы үшін маңызы бар «мультикультурализм» ұғымын дәйектеуден басталады, екінші қағидат – Қазақстан жағдайындағы мультикультурализмнің артықшылықтары мен кемшіліктерінің сарапталауында, үшінші қағидат – Қазақстанның аймақтық деңгейіндегі этникалық диаспоралардың мәдени өмірінің ерекшеліктерін айшықтауда,

			төртінші қағидат – тақырыпқа қатысты мәдени-әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелерін ғылыми байыптаумен байланысты, бесінші қағидат – диаспоралық қатынастардың қазіргі Қазақстан жағдайындағы болашағының сарапталуында.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары қазіргі Қазақстандағы этносаралық қатынастарды әрі қарай жетілдіру үшін, мәдениетаралық қатынастарды үйлесімдендіру үшін және мәдениет философиясы бағытындағы тұжырымдарды толықтыру үшін маңызды. Осыған орай қордаланған жұмыстың ғылыми қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады. Автор болашақта диаспораларға қатысты жаңа қырларды аша түседі деген ойдамыз. Себебі, әлемдегі көптеген мемлекеттер өздерінің этникалық диаспоралары үлкен маңыздылық береді. Сол тәжірибені қазіргі жаңа Қазақстанды қалыптастыру жағдайында ескеруіміз қажет екені белгілі.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның зерттеу тақырыбы мен нысаны гуманитарлық салаға жатады. Ал енді жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға жатпағанмен, автордың кейбір идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты өзінің алға қойған мақсатына сәйкес еңбекті орындағандықтан, «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Мәтіннің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелгенін атап өтуге болады. Диаспоралық өмірдің ерекшеліктері барынша сұрыптаудан өткізіліп, оның еліміздің этноәлеуметтік құрылымындағы орны мен рөлі мәдениеттанулық мәселе ретінде айқындалғаны байқалды. Автор болашақта қазақ диаспорасының күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында зерттеу нысанына айналдырады деген үміттеміз.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор мәдениеттану мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген. 7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл пункт бойынша «жок» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар практикаға шығудың жолын іздейді. 7.3 Негізгі қағидаттардың барлығының жаңалығы бар деп бағаланады.

		<p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Жалпы қағидаттардың жалпы саны бесеу екені байқалды. Бірінші қағидат диаспора құбылысы үшін маңызы бар «мультикультурализм» ұғымын дәйектеуден басталады, екінші қағидат – Қазақстан жағдайындағы мультикультурализмнің артықшылықтары мен кемшіліктерінің сарапталауында, үшінші қағидат – Қазақстанның аймақтық деңгейіндегі этникалық диаспоралардың мәдени өмірінің ерекшеліктерін айшықтауда, төртінші қағидат – тақырыпқа қатысты мәдени-әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелерін ғылыми байыптаумен байланысты, бесінші қағидат – диаспоралық қатынастардың қазіргі Қазақстан жағдайындағы болашағының сарапталауында. «Иә» деген баға берілді.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан кең деп бағаланды.</p> <p>7.5 Негізгі қағидаттар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар жасалған. «Иә» деген баға беріледі.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Әдістеме таңдауы автор тарапынан жақсы негізделген. Әдіснама сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес. Өйткені автор ғылыми әдістеменің әдеттегі дәстүрлі жолдарымен қатар инновациялық тәсілдерді, пәнаралық методтарды қолдануға талпынған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қазіргі заман әдістері мен деректері әлеуметтанулық зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор компьютерлерлік игерулер арқылы зерттеу нәтижелерін қорытындылаған. Нәтижелерін жақсы дәйектейді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Еліміздегі әртүрлі диаспоралардың ахуалын, табиғатын, болашағын зерделеуге байланысты диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар өзара байланыста дәйектелген. Мәселен, автор қоғамдағы төзімділік принципі мен мультикультурализмге қатысты ойларын әлеуметтанулық зерттеулер арқылы дәйектеуге тырысады. Осыған орай, бұл бап бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді.</p>

		1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде диаспора тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер көп екені анық. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алған. Көптеген сілтемелерге толықтай алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер берілген. Диссертацияда келтірілген кейбір сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. Дегенмен, этникалық диаспоралардың өзара қатынастарын нақтылай түсу үшін еліміздегі басты ұлт қазақ этносының мәдениеті туралы сілтемелерді автор өзінің болашақ ғылыми еңбектерінде кеңейте түседі деген үміттемін. Себебі, диаспоралық қатынастарға негізгі титулды ұлт әруақытта басты ұйтқы болатыны анық.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор этнос, ұлт, диаспора сияқты ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Әрине, қазақ диаспорасына қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымында кеңейте түсері анық. Дегенмен, автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген пікірдемін.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация тақырыбының теориялық маңызы зор. Себебі этникалық диаспора құбылысы әлемде де, тәуелсіз Қазақстан жағдайында да, әлеуметтік ғылымдар саласында да соңғы жылдары ғалымдар тарапынан белсенді түрде зерттелуде. Сондықтан «иә» деген жауап беріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация мазмұнындағы алынған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы қазақ диаспорасымен өзара қатынасын тәуелсіздік алған жылдардан бері белсенді түрде атқарып келеді. «Иә» деген жауап берілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Олар жалпы мемлекеттік органдар жұмысы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының практикалық іс-қимылдарымен астастыра көрсетілген. Автордың ұсыныстары еліміздегі ұлтаралық қатынастарды үйлесімдендіруге өзінің игі ықпалын тигізеді деген үміттемін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған мәдениеттанулық талдаудың тәсілдерін қолданады. Философиялық


	3) орташадан төмен; 4) төмен.	байыптаудың, әлеуметтанулық сараптаудың қисындарын жазу барысында қолданғаны байқалды.
--	----------------------------------	--

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:



1) 6D020400 – «Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әмен Асхат Жангелдіұлының «Диаспора: мәдениеттанулық мәселе» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
Институты, философия ғылымдарының докторы,
профессор
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)


(қолы)

Нұрмұратов Серік Есентайұлы
(Аты-жөні)



13.04.2022.